



## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

### Астанада халықаралық стандартқа сәйкес әділ сотпен келісім жүргізу бойынша тренинг өтті

АСТАНА – 11-12 мамырда “Қазақстанда әділ сот жүйесінің сапасын және тиімділігін жақсартуда қазақстандық билікті қолдау” Еуропалық Одақ және Еуропа Кеңесінің бірлескен жобасы аясында әділ сотпен келісім жүргізу бойынша Жоғарғы сот, Бас прокуратура және Республикалық адвокаттар алқасының өкілдеріне тренинг өткізілді.

Шақырылған сарапшылар еуропалық елдердің әділ сотпен келісім жүргізу институтының тәжірибелерімен бөлісті.

Сондай-ақ тренинг барысында ҚР Жоғарғы сот судьясы Ә.Т. Жукенов “Процесстік мәміле нысанында кінәні мойындау және ынтымақтастық туралы келісім” тақырыпқа презентация өткізді.

Оқу-іс шаралар нәтижелері бойынша сарапшылармен әзірленген бағдарлама ҚР Президенті жанындағы Мемлекетті басқару академиясының әділ сот институтына және ҚР Бас прокуратурасының жанында Құқық қорғау органдары академиясына беріледі.

Еуропалық Одақ және Еуропа Кеңесінің бірлескен бағдарламасының негізгі мақсаты Қазақстанның қылмыстық сот өндірісі мен ұйымдастырушылық тәжірибесінің құрылымын еуропалық және халықаралық стандарттары мен ел билігінің әділ сот өндірісі жүйесін жақсарту әрекетін қолдау жолындағы әдістеріне сәйкестендіруге бағытталған. Оны іске асыру барысында соттар, прокурорлар, тергеушілер, адвокаттар, омбудсмен институтының, Ұлттық превентивтік механизмінің және басқа қылмыстық әділ сот өндірісі жүйесінің қатысушыларының институциялық дамуларына қолғабыс ету және адам құқығы стандарттарына сәйкес функцияларын орындауды қамтамасыз ету үшін әлеуетін дамыту бойынша шаралар жүргізілетін болады.

Жоба Еуропалық Одақпен қаржыландырады және бюджеті 1,666,413 ЕУРО құрайды.

Қосымша ақпарат үшін жобаның Ұлттық консультанты Адилья Түгел email: [adilya.tugel@coe.int](mailto:adilya.tugel@coe.int), немесе Қазақстандағы ЕО өкілдігінің баспасөз хатшысы Қарлығаш Джаманкуловаға тел: +(7172)97-45-666, email: [karlygash.jamankulova@eeas.europa.eu](mailto:karlygash.jamankulova@eeas.europa.eu) хабарласуыңызды өтінеміз.